

## Салық құпиясын құрайтын мәліметтердің тізбесін және Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарына оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 672 бұйрығы және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 26 қантардағы № 2-НҚ бірлескен нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 19 ақпанда № 13128 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 86 бұйрығы және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 1-НҚ бірлескен нормативтік қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 08.02.2019 № 86 бұйрығы және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 08.02.2019 № 1-НҚ бірлескен нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 557-бабы 3-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі **БҰЙЫРАДЫ** және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бірлескен бұйрыққа және нормативтік қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарына ұсынатын салық құпиясын құрайтын мәліметтердің тізбесін;

2) Осы бірлескен бұйрыққа және нормативтік қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органдарына ұсынатын салық құпиясын құрайтын мәліметтерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіpte:

1) осы бірлескен бұйрықтың және нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық және нормативтік қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына жолдануын;

3) осы бірлескен бұйрықтың және нормативтік қаулының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық және нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Қаржы	Республикасының министрі	Республикалық атқарылуын бақылау комитетінің	бюджеттің жөніндегі есеп төрағасы
_____	Б. Сұлтанов	_____	К. Жаңбыршин

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
2015 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 672 бірлескен бұйрығына

және Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2016 жылғы 26 қаңтардағы

№ 2НҚ нормативтік қаулысына  
1-қосымша

## **Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың уәкілетті органдарына ұсынатын салық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесі**

P/ с №	Салық құпиясын құрайтын мәліметтердің атауы
1.	Салық төлеушілердің дербес шоттарының деректері
2.	Салық төлеушілердің салық нысанының деректері
3.	Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамаларының нормаларын салық төлеушілердің орындаудына салықтық бақылау нәтижелері туралы мәліметтер
4.	Салық төлеушілердің мемлекеттік деректер қорынан мәліметтер
5.	Камералдық бақылау нәтижелері туралы мәліметтер
6.	Салық төлеушілер бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімпүлдар мен айыппулдарды есепке жатқызу және қайтарулар туралы мәліметтер

7.	Салық төлеушілер бойынша салық міндептемесінің мерзімінде орындалмагандарды орындауды қамтамасыз ету тәсілдері туралы мәліметтер
8.	Салық төлеушіге қолданылған салық берешектерін мәжбүрлеп өндіру іс-шаралары туралы мәліметтер
9.	Ірі салық төлеушілердің мониторингі бойынша есептілік деректері
10.	Салық төлеушілерді салықты тексерулерінің нәтижелері туралы деректер
11.	Салықтың бақылаудың өзге де нысаны бойынша мәліметтер
12.	Мемлекеттік кірістер органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі толтырған және шығарған хаттамалары мен қаулыларының материалдары
13.	Лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) салықты тексеруі нәтижелерін шағымдану туралы деректер
14.	Салық төлеушілер және салық салынатын объектілер, сондай-ақ салық төлеушілермен жүзеге асырылған операциялар бойынша мәліметтер ұсынатын үекілетті органдардың ақпараттары
15.	Салықтарды және айыппұл санкцияларын есептен шығару (есептен шығару туралы заң және мемлекеттік органның актісі қабылданғаннан кейінгі өсімпұлдар мен айыппұлдар) туралы мәліметтер
16.	Салық төлеушілердің талап-арыздары бойынша сот шешімдері мен материалдары туралы мәліметтер
17.	Салық төлеушілердің салық есептілігі негіздегі талдамалық есентер

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 672 бірлескен бұйрығына

және Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2016 жылғы 26 қантардағы

№ 2НҚ нормативтік қаулысына  
2-қосымша

## **Салық құпиясын құрайтын мәліметтерді Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау үекілетті органдарына ұсыну қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы салық құпиясын құрайтын мәліметтерді Мемлекеттік кірістер органдарының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уекілетті органдарына ұсыну қағидалары (бұдан әрі- Қағидалар) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне (бұдан әрі – Есеп комитеті) және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) мәліметтерді ұсыну тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) мәліметтер – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 557-бабында айқындалған салық құпиясын құрайтын мәліметтер.

2) мәліметтерді алушы – Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары;

3) мемлекеттік органдардың бірыңгай көлік ортасы - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, ведомствоаралық ақпараттық-коммуникациялық желіден тұратын, басқару және ұйымдастыру мақсаттарын іске асыруға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, аумақтық бөлімшелері мен ведомствоолық бағыныстағы ұйымдарын қоса алғанда, мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекетіне арналған, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі;

## **2. Мәліметтерді ұсыну тәртібі**

3. Мемлекеттік кірістер органдары "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес бекітілген тізбеге сәйкес көрсетілген мемлекеттік аудит объектілері және мемлекеттік аудит объектілеріне байланысты өзге де мәселелер бойынша сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізу үшін қажетті мәліметтерді, мынадай тәртіpte ұсынады:

1) Осы бірлескен бұйрыққа және нормативтік қаулыға 1-қосымшага (бұдан әрі - тізбе) сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі - Комитет) Есеп комитетіне қолда бар ақпараттар мен мәліметтерді ұсынады;

2) тізбеге сәйкес аумақтық мемлекеттік кірістер органдары Есеп комитетіне және тексеру комиссиялары қолда бар ақпараттар мен мәліметтерді ұсынады.

4. Мәліметті мәліметтерге қол жетімділігі бар мәліметтерді алушының лауазымды тұлғасына ұсынылады. Мұндай лауазымды тұлғалардың тізбесін Есеп комитеті айқындейдьы.

5. Мәліметтерді беру мынадай тәсілдердің бірінде:

1) қағаз жеткізгіште;

2) электрондық жеткізгіште;

3) Комитеттің және Есеп комитетінің ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы болған кезде мемлекеттік органдардың бірыңгай транспорттық ортасы арқылы жүзеге асырылады.

## **3. Құпиялық**

6. Мәліметті алушы осы Қағидалардың шеңберінде алынған ақпараттардың қупиялылығын қамтамасыз етеді.

7. Ұсынылатын ақпараттың қол жетімділігін, тұтастығын және қупиялылығын қамтамасыз ету үшін мәліметтерді алушы ақпараттық жүйе және ресурстар шеңберінде көзделінген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кешенді шараларды іске асыруға:

- 1) серверлерді санкциясы жоқ қолжетімділіктен қорғауды;
- 2) серверлердің тұрақты жұмысын;
- 3) мәліметтерді алушының лауазымды тұлғасының олардың қатаң қызметіне сай қолжетімділік беруді;
- 4) мемлекеттік органдардың бірыңғай транспорттық ортасын пайдалануға міндеттенеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК